

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

---

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АМАНДАСУ САЛТЫНЫҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Спанова Айгерім Жәнібекқызы

[Aigerim\\_spanova@mail.ru](mailto:Aigerim_spanova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, шетел филологиясы: қытай тілі  
мамандығының III курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Бегманова Айман

Дүние жүзінде жүзден астам ұлт бар. Әр ұлттың өзіне тән тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Елдің салт дәстүрі сол халықтың бет айнасы, сол арқылы басқа ұлттардан ерекшелеп, даралап тұрады. Ал амандық сұрап, хал-жағдайды білу - әрбір халықтың мәдениетінің бастамасы. Өйткені әр халықтың амандасу салты әр түрлі болып келеді. "Сәлем беру де парыз, сәлем алу да парыз" демекші, адамдар кездескенде бір-бірімен амандасуы керек.

Барша мұсылман халқында амандасу кезінде "Ассалаумағалейкум" деп оң қолын созады. Әдетте жас ұлдар бірінші келіп, үлкен кісіге сәлемін береді. "Уағалейкум ассалам" деп үлкен кісі сәлемін қабыл алады. Солайша екі тараптағы адамдар бір-біріне ізгі ниетпен сәлем беріп алысады. Ал Азия елдерінде, нақтырақ айтқанда, жапон, қытай, корей мемлекеттерінде екі қолды біріктіріп, маңдайына иіліп тигізіп амандасады. Қытай тілінде амандасуды "问候" деп атайды. Қазақ пен қытай халықтарының амандасу салтына келетін болсақ ұқсастықтар мен ерекшеліктерді байқауға болады. Қонаққа барған кезде, қазақта әуелде алдымен амандасып, хал-жағдайын, денінің саулығын, тұрмыс-тіршілігін, туған-туыстардың амандасып сұрастырады. Сәлем алушы кісі де амандығын сұрастырып болғаннан кейін, төрге барып жайғасады. Үйдің кіші ұлдары келген қонақтарға оң қолын созып амандасып шығады. Бұл ырым кішінің үлкенді құрмет тұтуы, тәрбиеленгені жайында айтылады. Әже-апалар, қыз-келіншектер "Сәлеметсізбе" деп амандасады. Ал қытайларға келетін болсақ, кездескенде бір-біріне "你好" (нихау) дейді. Яғни, қазақтардың "Сәлеметсізбе" дегенімен іспеттес. Егер қазақтарда отбасы мүшелері не болмаса жақын адамдар бір-бірін көрген шақта "Қайырлы таң", "Қайырлы күн", "Кеш жарық" деп айтса, қытайлықтар таңертеңмен "早上好(зау шаң хау)" не "早安", түсте "中午好"(джоң у хау), "晚上好"(ван шаң хау) деп кешкі мезгілде амандаса береді. Бұл қазақ пен қытайдың амандасу салтының ұқсастығы. Қытайлардың сәлемдесуінің ерекшелігіне тоқталып кетейік. Егер сізді есік алдында көрген кезде қытайлықтар "出去了吗?" (чу чуй лы ма?) деп сұрайды, бұл "Далаға шығып бара жатсың ба?" дегенді білдіреді. "上班去?" (шаң бан чүй) деген "Жұмысқа бара жатырсың ба?" , "下班了吗?" (сиа бан ллы ма) "Жұмыстан шықтыңыз ба?" -деп те амандаса береді. Қытайда академиялық мобильділікпен оқып жүрген кезде, аудиторияға кірген шақта мұғалімдермен "老师好" -деп сәлемдескен сәтте, көп жағдайда оқытушылар сәлемдеспей бірден "啊, 你来了吗?" (сен келдің бе?) деп сұрайтын. Басында неге мұғалімнің осындай жауап қайтаруын түсінбейтінбіз, кейіннен осы жауаптың өзі қытайлықтардың сәлемдесуінің тағы бір түрі екенін ұқтық. Сенімен амандаспай, бірден қалай келгенінді сұрайды. Әрине бұл кез келген шетелдіктерге қызық болып көрінуі мүмкін.

Қазақ халқы сияқты қытайлықтар төс қағыстыруды ұнатпайды, бұл тіптен оларға жат нәрсе. Қазақ халқындағы көнеден келе жатқан амандасу түрі-келіндер жасы үлкен ата-енеге, қайналарға, сол тізесін сәл бүгіп оң тізесін екі қолымен басып, басын иіп, ибалық сәлемдесу ишаратын жасайтын. Бұл салт әлі күнге дейін сақталуда. Қытай халқында үйлену тойында жастар ата-анасына үш рет иіліп сәлем береді, қайтыс болған кісіге үш рет тағзым етеді.

Ал енді қытайларда ерекше сәлем түрі бар. Ол сәлем түрі басқа ұлттарда кездеспейді, тек қытайлықтарға тән. Әдетте қазақтарда сәлемдескеннен кейін "қалыңыз қалай?" деп

сұрайды. Ал Қытайда көшеде не болмаса бір қоғамдық орында таныс қытайды кездестірсеңіз, ол бірден сізден "你吃饭了吗? (ни чы фан лы ма?) " деп сұрауы мүмкін, яғни "сен тамақ іштіңбе?" дегенді білдіреді. Бұл шетел азаматтарына бір түрлі естілуі мүмкін, ал қытайлар үшін үйреншікті жайт. Бұрын соңды мұндай амандасу дәстүрін естімеген шетелдіктер үшін түсініксіз болып көрінеді, "бұл неге бірден менен тамақтанғанымды сұрап жатыр", "менің тамақ ішкен ішпегенімді қайтеді" деген әр түрлі ойға батуы да ғажап емес. Бұлай сұраудың өзіндік себебі бар - тарихи жазбаларда Хань дәуірінде қытайлықтар ашаршылықты бастан кешірген. Сол себепті тамаққа деген ынталары жоғары болса керек, кездескенде тамақ ішкен не ішпегенінді сұрайды. Алайда қазіргі кезде бұл сөздің мағынасы өз тұрғысында емес, амандасу не сыпайылық белгісі болып табылады. Бұл сұраққа әдетте олар тамақ ішкен ішпегеніне байланысты емес "谢谢, 吃了", яғни "рахмет, іштім" деп жауап бере береді. Осыдан кейін әңгімені ары қарай жалғастырып кете берсе болады. Қытайда күнде оқытушыдан "老师, 您今天怎么养?", яғни "мұғалім, сіздің қалыңыз қалай?" деп сұраған шақта, "你们更好问我, 我吃了没有", "сендер оданда менен тамақ ішкен ішпегенімді сұрандар" деп күліп жауап берген. Содан кейін сол мұғалімді көрген сайын "лаушы тамақтандыңыз ба?" деп сұрайтын болдық. Басында қызық болғанмен, уақыт өте келе өзіміз де қолданып кеттік. Бұл олардың әдетке сай қолданатын сәлемдесу дәстүріне айналған. Әдетте қытайлықтар осы сәлемдесу түрін тамақ ішетін кезде таңертең, түсте не кешке сұрайды.

Шетелдіктер үшін қытай халқының сәлемдесу дәстүрін үйреніп алу қиын сезілуі қиын болуы мүмкін, бірақ бұл өте қарапайым нәрсе. Ол үшін мынадай бірнеше жағдайға көңіл бөлу керек. Мысалы, егер сен қытайлық досыңыздың кітап оқып жатқанын көрсең "你看书啊?" (сен кітап оқып отырсың ба?) деп сәлемдесуге болады. Егер кір жуып жатқанын көрсеңіз "洗衣服吗?" (кір жуып жатсың ба?) деп, егер оның теледидар көріп отқанын көрсеңіз "看书吗?" (теледидар көріп отырсың ба?) деген секілді сәлемдесулерді қолдануға болады. Егер де жасы кіші достар кездесе қалса, қарапайым ғана, жылы жүзбен не болмаса олардың өздерінің сәлемін қарсы алған жөн. Бірақ олардың алдында өзінді үлкен санап, өзімшілдік көрсетудің мүлдем қажеті жоқ.

Шетелдіктерге қытай халқының жақынырақ танысу үшін немесе етенелік таныту үшін қоятын көптеген сұрақтары орынсыз, тіпті мәдениетсіздік болып көрінуі де мүмкін. Мысалы, бірінші рет танысып отырған адамына "Әке-шешенің табысы қандай?", "Қандай үйде тұрасыңдар?", "Ол үйді қалай сатып алдыңдар?", "Сүйген жарың бар ма?" т.с.с. сұрақтарды шетелдіктер дұрыс түсіне қоймайды. Алайда бұл да ұлттық ерекшелік. Демек қытайлықтың осындай сұрақтар қоюын саған деген ілтипаты, сенімен достық қарым-қатынас орнатқысы келгені екенін түсіну керек. Қай халықта болсын, әсіресе таныс адамдардың сәлемдеспей өтіп кетуі мәдениетсіздікке жатады. Сол сияқты қытайлар да таныс адамдары, әріптес, көршілері сәлемдеспей, үндемей өтіп кетсе ренжиді.

Ал қазақ халқында бір жақтан келген немесе жолаушы жүріп бара жатқан жастар ауылды аралап жүріп, жасы үлкен қариясы бар үйге бас сұғып, амандаспай кетсе, сол азаматтың үлкенді сыйламауы деп есептеліп, тәрбиесіз екенін бетіне басып "сәлем беремеді" деп сөгетін болған. Бұл тәрбие негізі амандаық сұраудан басталады, оны білмеген адамның тәрбиесі шамалы деген ұғымды білдіреді. Міне, бұл қазақ халқының тәлім-тәрбиесінің ерекшелігі. Бұдан шығатын қорытынды мынау: әрбір халықтың амандасу дәстүрінің өзіне тән ерекшеліктері бар, олар бір-біріне ұқсай бермейді. Алайда барлық халықтың сәлемдесу дәстүріне тән бір ұқсастық, ол-сәлемдесудің маңыздылығы, мәдениеттіліктің көрінісі болып есептеледі. Егер де қуанышты отырған не болмаса күлімсіреп келе жатқан танысыңыз болса, онымен амандықты "有什么喜事?" (қандай қуаныш бар?) деп әзілмен бастап, қарсы жақтың қуанышын білуге асыққандық таныту тұрғысынан, міндетті түрде қуанышының себебін сұрап қою артық емес. Ал таныс адамың бір топ адамның ортасында кездессе, тек таныс адаммен шектелмей, қасындағыларға ең кемінде қол беру, бас изеу

немесе көз ишарасын жасау, бұл бейтаныс кісілерге де құрмет болып есептеледі. Топпен сәлемдесу кезінде "你们好" деп бастау керек. Егер сіз сол топтың ішінде тұрсаңыз, амандасуға өз тарапыңнан сәлем қабылдағандық танытуға тиіс. Қысқасы көпшілікпен амандасқан кезде міндетті түрде сыпайылықты жоғалтпау керек.

Егер сәтсіздікке ұшыраған не қайғылы жағдайда тұрған қытайлық досыңызға кездессеңіз, әуелі оның жағдайын сұрап, қандай жағдайға тап болғанын біліп алып, мүмкіндігінше ортақ, қалыпты атмосфера орнатқан жөн.

Қорыта келе айтарымыз, қытайларда жолыққан кезде қолданылатын сәлемдесу рәсімінің түрлері өте көп, бірақ осының барлығы қатып қалған, мүлде өзгермейтін нәрсе емес. "Әр ұлттың салты басқа, иттері қара қасқа" дегендей, қытайдың дәстүрін білмеген адамға олар түсінікпен қарайды. Қытайдың амандық сұрасу дәстүрі де адамдар арасындағы қарым-қатынастың артуына байланысты сәлемдесу тәсілдері де өзгеріске ұшырап, жаңғыртып отырады. Одан бөлек уақыт озады, заман да өзгереді, соған орай сәлемдесу түрлері де өзгереді. Өзге елдермен аралас жиілеп, адамдардың тұрмыс дәрежесі өсіп, мәдениет деңгейі жоғарылуына байланысты, «你去哪儿» (қайда бара жатсың?), «吃饭了吗?» (тамақ іштің бе?), «买东西了?» (бір нәрсе сатып алдың ба?) деген секілді сәлемдесулер түрлері қолдан шығып, онын орнын көбірек «你好» (сәлем) ауыстырып келеді. [1;50]

Қазірде көптеген шетелдіктер қытай тілін үйренуді осы «你好» деген сөзбен бастайды. Өйткені бұл қытай халқының әрі қарапайым, әрі жиі қолданатын сәлем түрі. Амандықтың бұл түрін қай кезде де, қай ортада да қолдануға болады. Егер тілдік қабілетің жетіп, оны қажетіңе қарай өзге сөздермен ауыстыра алсаңыз тіпті жақсы. Алайда, сәлемнің осы түрін қолданудың өзінде де алдымен қарсы жақтың жағдайына, жасы мен қызметіне көңіл бөлу керек. Біздің елімізде өзіміздің достарымызбен «Сәлем» деп, ал үлкен кісілермен «Сәлеметсізбе» деп амандасамыз. Қытайда да жасы үлкен, жұмыс дәрежесі жоғары адаммен сәлемдескенде «您好»-ды қолданамыз, ұстаздармен сәлемдесу кезінде «老师好» деп сәлемдесуге болады.

Қытайда сәлемдесу барысында есімін атап барып амандасуға тура келсе, аты-жөнін толық айтпау керек, себебі олай айту ерсі болып саналады. Сондықтан, фамилиясының артына қызметін, атақ-дәрежесін қосып айтып, содан кейін амандық сұрайсыз. Мысалы, «王老师, 您好» (Уаң мұғалім, сәлеметсіз бе?) деп амандасуға болады. Егер Уаң университет ректоры болса, «王校长, 您好» (Уаң ректор, сәлеметсіз бе) деп сәлемдескен дұрыс. Бұлай амандасу жалпы міндетті емес, тек қарсы жақтың атын атап сәлемдесу қажет болған жағдайда деген сөз.

«Әдептілік сәлемдесуден басталады» дейді дана халқымыз. Амандасу әр халықтың мәдениетінің алғашқы беташары. Амандасу – бейбіт пейілдің, достық ықыластың белгісі. Алғашқы кезде адамдар «Міне, көрдің бе, қолымда дәнеңе жоқ, қарусызбын» дегенді білдіріп, оң қолды көтерген. Осындай ізгі ишара біртіндеп, амандасу рәсіміне айналған. Осымен, амандасу қай халықтың болсын дәстүрінің беташары, мәдениетінің көрінісі болып есептеледі. «Сәлемі түзудің әлемі түзу» деген халқымыз, сондықтан бір-бірімізге жылы шырай танытып, мейіріммен амандасуды ұмытпайық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Д. Мәсімханұлы «Қытай туралы қырық сөз»-Астана:Фолиант баспасы, 2014. 559 б.
2. Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.

ӘОЖ 94 (315)

#### **ҚЫТАЙДАҒЫ ИМПЕРАТОР САРАЙЫ: «ЖАБЫҚ ҚАЛА ГУГУН»**

**Табылған Жаңылсын Абайқызы**